

Спатай Айгүл Оразбекқызының 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған **«Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері»** тақырыбындағы диссертациясының

АНДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеуде үздіксіз кәсіби білім беру жүйесі орындарында педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне арналған теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, үздіксіз білім беруде педагогтарды заманауи кәсіби даярлау ұғымының мәні нақтыланып, осы жүйеде үздіксіз кәсіби білім беру арқылы педагогтарды соңғы талаптарға сай даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды ағылшын тілі және үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілді меңгеруге кәсіби даярлаудың әдістемесі жасалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері беріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеудің өзектілігі. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және әмбебап тұрғыда қайта құрылулардың салдары білімді үздіксіз және терең қайта реформа жасау ісі табылады. Ол үздіксіздік бүгінгі күнгі қазақстандық жоғары оқу орындары педагогтары адамзаттық капиталының үлесі жоғары білім беру жүйесіндегі «жол картасын» жүзеге асыруда табыстылық, нәтижелілік пен сапаны көздеуі арқылы қолжетімді болып отыр.

Қазақстан Республикасының 2025ж. дейінгі әлеуметтік-экономикалық ұзақ мерзімді дамуы Концепциясының «Білім беру» атты бөлімінде базалық білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ету және заманауи тұрғыдағы үздіксіз білім беру жүйесін құру, кәсіби мамандарды даярлау мен қайта даярлау мәселелері айтылған.

Жоғары оқу орны педагогтарының үздіксіз білім алу мәселесі ғылыми және әдістемелік материалдарда көптеген ақпаратты мәліметтер ретінде қарастырылған және оқырмандарға ұсынылған. Аталған материалдар әлемнің барлық аймақтарын және алуан түрлі зерттеу әдістері мен апробацияларды қамтиды. Осы аталғандардың негізінде жасалып отырған әрекеттерді келесідей мазмұнда түсіну керек, яғни үздіксіз білім беру бұл жаңа білімдер мен дағдылар түріндегі адами капиталды қалыптастыру болады, әрі тәжірибеде білім алушылардың күзіретті бағытта өсуіне бағытталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы №645-ші қаулысына сәйкес «Педагог Мәртебесі туралы» Заңының 4-ші бабында «Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіби білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, еңбек саласындағы Қазақстан Республикасы

заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген кәсіптік стандарттарда көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін адамдардың педагог мәртебесі болады» - делінген.

Үздіксіз білім беру жоғары білімнің ажырамас бөлігі болады және қоғамның адами капиталы қалыптасатын интеллектуалды өндірістің маңызды салаларының біріне жатады, әрі ол өз алдынша күрделі процесті білдіреді, когнитивті, эмоционалды қатысуды, инновацияларға дайындық пен қабілеттерді қажет етеді.

Үздіксіз көпдеңгейлі білім беру жүйесінде мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттырып, оны басқарудың бірізділігі мен сабақтастығын теориялық тұрғыда негіздеп, ғылыми-әдістемемен қамтамасыз ету Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу процесін зерттеуді және оны біртіндеп жүзеге асыруды қажет ететін басты мақсаттардың біріне айналып отыр. Бұған «Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» да, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» да толық дәлел болады.

Білім беру жүйесінің консервативті мазмұнда жүзеге асуы соңғы уақытта инновациялық сипатпен ауыстырылды. Білім беру қызметін көрсету нарығы ең бір аса ерекше мобильді және қарқынды дамушылардың бірі. Дидактикалық процестер аса белсенді бола түсуде, салдарынан оқытудың белсенді әдістеріне сұраныс артып отыр. Білім беру мақсаты өзгеруде: бәсекеге қабілетті мамандардың көптеп шығуы талап етілуде, оқыту процесіндегі басымдылықтар да ауысып, өзгеруде, күрделі кәсіби ситуациялар өзекті бола түсуде, яғни оқу процесіне кәсіби ойындарды ендіру қажеттілігі туындап отыр. Аталған проблематика білім беру саласында қалай шешілумен тығыз байланысты. Біздер педагогикалық технологияларды инновациялық әдістерді қолдана отырып, ең алдымен оны жоғары оқу орнында апробациялау ісін таңдап отырмыз.

XXI ғасырдың басындағы ақпараттық қоғам ғылымның дамуымен және жасанды интеллектінің өсуімен, әрбір жеке тұлғаның бостандығы шеңберінің кеңеюімен, жер шарының кез-келген түкпіріндегі әрбір адамға түрлі білімнің сан алуан шаралар көмегімен қол жетімділігін қамтамасыз етумен сипатталады. Соның ішінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі жеке адамның жан-жақты дамуы жүйесінде көрініс табуда. Қазіргі жас ұрпақ прагматизммен, материалдық пайда алуға деген ұмтылысымен ерекшеленуде. Бұған қоса бүкіл әлемді қамтыған жаһандану процестері отандық дәстүрлерді, мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтауды талап етуде, онымен қоса біліктілік пен аса кәсіби құзіреттілікті де қажет етуі кездейсоқ жайт емес болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мырза 2020 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдаған кезекті «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының іс-қимыл жоспары 11 тармағында ұлттың жаңа болмысы қалыптасу қажеттігін, яғни қазақ

қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруы тиіс екендігін атап өткен болатын. Осыған байланысты университеттегі білім беру процесінің мақсаты пайдалы ғана емес, моральдық тұрғыдан шешім қабылдай алатын адамды дамытуға, рухани-адамгершілік мәдениеттің жоғары деңгейіне ие және адамның өмірлік ұстанымын анықтайтын құндылықтар мен нормаларды жеткізуші дәнекері бола алатын, жаңа көзқарастағы болашақ мұғалімнің жеке басын қалыптастыруға бағытталуы қажет.

ЖОО-дағы білім беру процесі жинақталған білім, білік және дағдыларды берудің құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлемдегі жаңа көзқарастың қалыптасуына, ондағы болып жатқан оқиғалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсінуге, жаһандық мәселелерді түсіну және оларды шешу үшін жеке жауапкершілігінің дамуына көмектеседі.

Зерттеудің өзектілігі ең алдымен заманауи қоғамның үйлесімді дамыған және кәсіби білімді де білікті мамандарға деген сұранысты зерттеудің нәтижелері бәсекеге қабілетті сапалар, білім мен дағдыларды меңгеруге мақсатталған әлеуметтік тапсырыспен шарттасады. Көпдеңгейлі педагогикалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі, үздіксіз кәсіби білім беруді модельдеу, үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру деңгейлерінің стандарттары мен білім беру бағдарламалары мазмұнының сабақтастығы және үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім берудің мазмұнын жобалау мәселелері, сонымен бірге үздіксіз педагогикалық білім беру сабақтастығының ұйымдастырушы-педагогикалық негіздері мен оны жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі, білім берудің көпсатылы жүйесінде оқыту процесін даярлау мәселелері бірқатар ғалымдардың (Н.А. Бирюкова, С.М. Годник, В.Л. Ермоленко, Н.А. Завалко, Е.М. Ибрагимова, В.А. Кузнецова, В.М. Ушакова, К.К. Закириянов, Т.А. Қышқашбаев, К.Т. Остеміров және т.б.) зерттеулерінде көрініс тапқан.

Сонымен, ғылыми зерттеулерге жасалған талдау жұмысы үздіксіз көпсатылы кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагог мамандарды даярлау мәселесінің әлі де болса терең қарастырылу қажеттілігін көрсетеді. Осы зерттеу жұмысымызда Б.А. Сайлыбаевтың үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері жайлы, С.Т. Жарболованың үздіксіз көп деңгейлі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындау туралы озық пікірлері зерделеніп, тұжырымдар жасауда басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасы білім беру саясатындағы басты міндеттердің бірі үштілде білім беруді жүзеге асыру ісі де болып отыр. Қазақстан Республикасының Ұлт Көшбасшысы болған Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тағы да «біздің балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін белсенді зерделеуі үшін жағдай жасау бойынша» қажетті шаралар әзірлеу қажеттілігі атап көрсетілген.

Қазақстанда көптілді/үштілде білім беру тәжірибесі өзінің тарихын 2007 жылдан бастайды. Дегенменен, үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде халықаралық қарым-қатынас тілі ағылшын тілін меңгеруге байланысты педагогтардың даярлығының психологиялық маңыздылығын анықтаудың қажеттілігі артуы мен заманауи таңдағы білім беру жүйесінде бұл мәселеге әлі де болса өз деңгейінде назар аударылмауы арасында; үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтарды даярлау ісін біріккен-диалогты танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, белсенді оқыту әдістері негізінде жаңа сапаға көтеруге байланысты талаптардың артуы мен оны жүзеге асыруға байланысты ғылыми теорияға негізделген әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылық анық байқалады. Осы қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және тақырыпты **«Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері»** деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: педагогтардың кәсіби қызметке бейімделу міндеттерін шешуге көзделген үздіксіз білім беру жүйесінде тіл меңгеруге даярлықтарын анықтауда психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру.

Зерттеу нысаны: үздіксіз білім беру мекемелеріндегі оқу процесі.

Зерттеу пәні: үздіксіз білім берудегі педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлықтары және осы даярлықты нәтижелі ететін оқытудың инновациялық әдістері.

Зерттеу болжамы: яғни үздіксіз білім беруде үйлесімді дамыған, жоғары күзиретті білімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаның қалыптасуы келесі жағдайларда табысты болады:

- педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығы тиісті талаптарға сай жүзеге асырылғанда;
- педагогтардың ағылшын тілді меңгеру қызметінде кәсіби ойындардың жүйесі қолданылғанда;
- педагогтардың ағылшын тілін меңгеруде танымдық іс-әрекеттерін біріккен-диалогты сипатта ұйымдастыру орын алғанда;
- оқыту сапасын арттыруды көздеген белсенді оқыту әдістері жүзеге асырылып қолданылғанда.

Зерттеудің міндеттері:

- Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындығын теориялық- әдістемелік тұрғыдан анықтап, негіздеу;
- Үздіксіз кәсіптік оқытудағы инновациялық оқыту әдістерінің мәнін нақтылап анықтау;
- Үздіксіз білім берудегі белсенді оқыту әдістерінің жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру;

- Біріккен-диалогты танымдық әрекет үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту процесінің мақсаты, әрі ең жоғарғы тиімділікке жету шарты болуын дәлелдеу;

- Оқытудың белсенді әдістері (іскерлік ойындары, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, кәсіби ойындар т.б.) өте тиімді деп есептеліп, олардың ұйымдастырылуының психологиялық негізі болып біріккен-диалогты танымдық әрекет алға шығуы;

- Үздіксіз кәсіби білім берудегі кәсіби ойындар жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: педагогтарды кәсіби даярлау қағидалары; үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері; бұл процесті сабақтастықпен басқару; инновациялық әлеуметтенудің психологиялық маңыздылығы; әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық теориялар; маман-кадрларды даярлауды басқарудың теориясы; үздіксіз білім берудегі педагогикалық менеджмент идеялары; үздіксіз білім беруді жоспарлау мен ұйымдастырудағы кәсіби іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, жүйелік мәдениеттілік, технологиялық, инновациялық тәсілдер мен оның теориялары табылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін Л.С. Выготскийдің теориялық-әдіснамалық және мәдени-тарихи зерттеулері, А. А. Вербицкийдің контексті оқытудың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамасы, психолингвистикалық және лингвистикалық зерттеулер (И.А.Зимняя, Ф.Де. Соссюр, В. Гумбольдт, И. Н.Горелов, Н. Хомский, Джудит Грин, Л. А.Якобовиц, Б. В.Беляев, Е. И.Пассов, Е.Д.Божович, И.А.Новикова, А.Л. Новиков, М.А. Рыбаков, А.Ж. Алдамұратов), тілдік конструкциялардың аудармасы теориялары (Л.М. Алексеева, Н.Н. Гавриленко, Е.Н. Малюга, В.А. Ковшиков, В.П. Пухов, В.П. Белянин, П. Ньюмарк, В.С. Виноградов, В.Н. Комиссаров, Я.И. Рецкер, А.Д. Швейцер және т.б.), лингвомәдениеттанудың зерттеулері (А.Н. Злобин, А.К. Уточкина, Т.В. Ларина, және т.б.) К. Ангеловски, В.И. Журавлёв, Л.С. Подымов, М.М. Поташник, А.И. Пригожин, П.И.Третьяков, И.Р. Юсуфбековалардың инновациялық-педагогикалық іс-әрекет теориялары, О.А. Абдуллина, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркина, В.А. Сластенин және т.б.-ң кәсіби жеке тұлғаның қалыптасу теориясы [34, 35,36,37,38, 39,40]. Сонымен қатар Б.С. Гершунский, Г.И. Железовская, Г.П. Корнев, В.В. Краевский, Ю.А. Кустовтардың педагогикалық ғылымның әдіснамалық жалпы сұрақтары мен педагогиканың түсініктік аппаратының жалпы мәселелері, Ш.А. Амонашвили, Л. Вяткина, В.С. Сухомлинский, И.С. Якиманскаялардың еңбектерінде қарастырылған тұлғалық-бағытталған білім берудің сұрақтары, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн еңбектеріндегі білім беру процесін құрудағы іс-әрекеттік бағыт жайлы мәселелер және Б.М. Тепловтың мектебі жүзеге асыратын тілдік қабілеттерді зерттеудің жеке-даралық бағыты, көзқарасы (Э.А. Голубева, М.К.Кабардов, Т.Л. Чепель, Г.А. Мактамулова, Е.В. Арцишевская, С.А. Изюмова, Н.Я. Большунова, Е.В. Демина және т.б.), зерттеу еңбектері құрайды. Теориялық-әдіснамалық негізді сонымен қатар

Қазақстандық отандық танымал ғалымдар, зерттеушілер мен тәжірибелі мамандардың тұжырымдамалық теориялық пікірлері де құрауға негіз болды, олар: Қ.Б. Жарықбаевтың жеке тұлғаның білім алуы процесіндегі этникалық көзқарасты теориялары; С.М. Жакыповтың үздіксіз білім беруді ұйымдастырудағы біріккен-диалогты танымдық іс-әрекеттің даму тұжырымдамасы; Н.Қ. Тоқсанбаеваның үздіксіз кәсіби білім беру процесіндегі білім алушылардың кәсіби ұстаздық қабілеттері мен қарым-қатынастарын дамыту жайлы іргелі теориясы; Отандық лингвист ғалым С.С. Құнанбаеваның 2005 ж. «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» докторлық диссертациясындағы іргелі тұжырымдамалар; Р.Б. Каримованың үздіксіз білім беру жүйесінде денсаулық сақтаушы технологияларды қолдану жайлы ілімді қағидалары; Л. Көмекбаеваның үздіксіз білім беру барысында кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында психологиялық қызмет көрсету жайлы тұжырымды еңбегі; Г.С. Майлыбаеваның педагогтардың диагностикалық іс-әрекеті жайлы өзекті де келелі ілімі және өзге де теориялы тұжырымдар.

Соңғы жылдары психология, педагогика ғылымдары саласында жарық көрген еңбектерге жасаған талдау үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін құрудың теориялық-әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерінің (А.П. Владиславлев, Б.С. Гершунский, А.В. Даринский, А.М. Новиков, В.Г. Онушкин, В.П. Понасюк, В.А. Сластенин және т.б.), орта және жоғары кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесін жетілдірудің теориясы мен тәжірибесінің (С.С. Абдыманапов, Г.К. Ахметова, С.А. Ұзақбаева, Д.З. Жусупова, Х.М. Рахымбекова, Е.А. Мамбетказиев, Т.С. Садықов, М.Н. Сарыбеков және т.б.), үздіксіз педагогикалық білім беру мәселесінің теориялық және әдіснамалық аспектілері мен түрлі елдердегі үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің даму жолдарының (Е.П. Белозерцев, Н.Д. Никандров, Б.С. Гершунский, Н.К. Гончаров, В.Г. Онушкин, А.Н. Орлов, В.Н. Турченко, А.К. Кұсайынов, Б.К. Момынбаев, Ш.Т. Таубаева, Е.Ш. Қозыбаев және т.б.) салыстырмалы түрде жан-жақты қарастырылғанын көрсетеді.

Зерттеудің жетекші идеясы: үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындықтарының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан анықтай отырып, осы сала мамандарын даярлауды біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті кәсіби ойындар, интерактивті әдістермен ұйымдастыру олардың қоғам талабына сай білікті құзіретте дамып, жетілуіне септігін тигізеді және инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқу процесін блокты-модульдік етіп құру: яғни, оқыту процесінің табыстылығы мен жайлылығын және оқыту субъектілерінің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру мақсатында кәсіби ойындар мен белсенді оқыту әдістерін қолдану.

Зерттеу әдістері:

- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми және әдістемелік материалдарға теориялық талдау;
- табиғи жағдайда білім беру процесін бақылау;

-констатациялық және қалыптастырушы бөлімдер қамтылған педагогикалық эксперимент;

-математикалық статистика әдісі арқылы бақылаулар нәтижелері мен эксперименттік мәліметтерді өңдеу;

-алынған нәтижелерді олардың шынайылығы, теориялық маңыздылығы мен практикалық қолданылуы тұрғысынан талдау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1) Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындығын теориялық- әдістемелік тұрғыдан анықталып, негізделді;

2) Үздіксіз кәсіптік оқытудағы инновациялық оқыту әдістерінің мәні нақтыланып, анықталды;

3) Үздіксіз білім берудегі белсенді оқыту әдістерінің жүйесі және оның қолданылу тәсілдері теориялық тұрғыдан негізделіп, жасалып және эксперименттік жолмен тексерілді;

4) Біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту процесінің мақсаты, әрі ең жоғарғы тиімділікке жету шарты екендігі дәлелденген;

5) Оқытудың белсенді әдістері (іскерлік ойындары, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, кәсіби ойындар т.б.) өте тиімді деп саналып, олардың ұйымдастырылуының психологиялық негізі болып біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет екендігі анықталған;

6) Үздіксіз кәсіби білім берудегі кәсіби ойындар жүйесі және оның қолданылу тәсілдері теориялық тұрғыдан негізделіп, эксперименттік жолмен тексерілген.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы келесіде, яғни зерттеулер нәтижелері бойынша жасалған нұсқаулар үздіксіз білім беру мекемелерінде қолданыс табады;

Нәтижелердің шынайылығы мен дәйектілігі бастапқы тұжырымдардың әдіснамалық негізделуімен, ғылыми шынайы көпке танымал зерттеу әдістерінің кешенімен өзара сабақтаса шарттасады;

Эксперимент мәліметтерін математикалық статистикалау әдістерін қолдана отырып, өңдеумен тікелей байланысты.

Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесіне: «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілін) инновациялық іс-әрекеті» және тақырыбында диссертациялық зерттеу аясы шеңберінде осы үздіксіз білім салалары мектеп-лицейі мұғалімдері мен колледж педагогтарына біліктілік арттыру семинарын өткізіп, экспериментке қажетті сауалнамалар алынып, салдарында зерттеу материалдары толықтырылып, отандық ғылым қорын дамытуға тағы да нәтижелі қадам жасалынды.

Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар:

1. Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындығын анықтаудың теориясы мен әдістемесінің анықталу жайы;

2. Кәсіби білім беруде ағылшын тілі педагогтарының инновациялық әлеуметтенуінің психологиялық маңызын ашу;

3. Үздіксіз кәсіби білім мекемелерінің оқу іс-тәжірибесінде қолданыс табатын кәсіби ойындар жүйесінің жіктемесін қолданудың териясы мен тәжірибесі, әрі оның тиімділігін дәлелдеу жайы;

4. Үздіксіз кәсіби білім мекемелерінің оқу іс-тәжірибесінде қолдануға арналған оқытудың белсенді әдістерінің жүйесі;

5. Кәсіби ойындар мен белсенді оқыту әдістері түріндегі инновациялық оқыту әдістерін қолданатын педагогикалық технология.

6. Үздіксіз кәсіби білім берудегі танымдық іс-әрекетті біріккен-диалогты сипатта ұйымдастыру теориясы мен тәжірибесі.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі теориялық-әдіснамалық және әдістемелік тұрғыда дәлелденуімен, жұмыс мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, кешенді әдістерді пайдаланумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, нәтижелерінің деректі материалдар негізінде қорытындылануымен, зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелерінің тәжірибеге ендірілуімен, алынған нәтижелердің тиімділігімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен, ізденушінің жоғары оқу орнындағы жұмыс жасау тәжірибесімен қамтамасыздандырылады.

Сонымен қатар әдіснамалық, логикалық-ғылыми принциптердің жүзеге асуымен; зерттеудің теориялық және эмпирикалық нормативтерін сақтаумен; бастапқы ұстанымдар мен теориялық тұжырымдардың мазмұнды талдануы мен әдіснамалық негізділігімен; теориялық талдаудың болуы мен эмпирикалық мәліметтері жалпыланумен; апробацияланған зерттеу әдістерін қолданумен және диссертацияда адекватты қойылған міндеттер мен жұмыстың логикалылығымен; зерттеу таңдауының репрезентативтілігімен; алынған нәтижелердің мазмұнды және статистикалық талдануымен, әрі эмпирикалық зерттеуге автордың өзінің міндетті түрде жеке қатысып, әрі зерттеуді ұйымдастыруымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2018-2019) - диссертациялық зерттеу тақырыбы докторанттың кәсіби қызметіне сай таңдалып, осы мәселеге байланысты ғылыми және арнайы әдебиеттер кеңінен талданды, тақырып бойынша негізгі мақала-жарияланымдарды кең зерттеп шолу, зерттеудің ғылыми-түсініктік аппарат бөлімін құрастыру жұмыстары жасалынды. Эксперимент жұмысының жоспары, бағдарламасы жасалды. Оқу-әдістемелік материалдар сұрыпталды. Оқу орындарының құжаттары зерделенді.

Екінші кезеңде (2019-2020) - оқытудың белсенді әдістер жүйесі мен кәсіби ойындар жіктемесі іріктеле бейімделіп, үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінің оқу процесінде жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық қолдау жасау түрін таңдау, констатациялық және қалыптастырушы эксперименттерді құру, әдістемелерді бейімдеп, диагностикалық және түзету бағдарламасы жүзеге асырылды. Анықтау эксперименті барысында оқушылар-студенттер-педагогтар мен ЖОО педагогтарының алғашқы білім деңгейлері тексерілді, нәтижесі қорытындыланды, қалыптастыру

эксперименті жүзеге асты (тест, сауалнама жүргізіліп, тапсырмалар берілді және т.б.), аралық кесінділер алынып, теориялық материалдар жүйеге келтірілді

Үшінші кезеңде (2020-2021) – констатациялық эксперимент негізінде алынған ақпараттарды жалпылау, жүйелеу және өңдеу, қорытындылар мен нұсқауларды құрастыру, нәтижелерді шығару мен диссертация зерттеуін рәсімдеу жұмыстары орын алды. Қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, зерттеу нәтижелері сұрыпталып, өңделді. Оқу-әдістемелік материалдар басылым көрді. Диссертация талап бойынша рәсімделді, әдебиеттер жүйеленді.

Зерттеу материалдары негізінде бірнеше ғылыми еңбектер, мақалалар мен кітапшалар жарық көрді.

Жоғары оқу орнының үздіксіз кәсіби білім беру процесіне қажетті зерттеу нысан материалдары «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» элективті курс бағдарламасында дәріс, семинарлары түрінде жоғары оқу орны студенттеріне ұсынылды және жүргізілді.

Зерттеу базасы: Орда университетінің материалды-техникалық және әдіснамалық базасы, аталған университеттің педагогтары мен Педагогикалық факультетінің студенттері, Туркия Республикасы Анкара қаласындағы Гази университетінің Педагогикалық ғылымдар бөлімі, Оңтүстік Қазақстан Жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицейі. Диссертацияның жекелеген тұжырымдарын эксперименттік негізде апробациялау үшін кәсіби білім берудің бастауыш, орта және жоғары білім мекемелерінің педагогтары, педагогтар мен оқушылар, студенттер қолданылды.

Зерттеудің апробациясы мен зерттеу нәтижелерін ендіру SilkWay Халықаралық университеті мен Анкарадағы Гази университеттерінде, Оңтүстік Қазақстан жоғары педагогикалық колледжінде және №7-ші Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицейінде жүргізілді. (2018-2021жж.).

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру:

Зерттеу нәтижелері зерттеу базасында көрсетілген білім беру мекемелерінде мамандарды даярлау тәжірибесіне ендірілді. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен ережелері алыс және шетелдік халықаралық конференцияларда 4 мақала; халықаралық ақпараттық компаниясының деректер қорында индекстелетін Scopus (Скопус) журналында 1 мақала және ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала жарық көрді.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.